



Автор: Асет Уразтаева Қуандықовна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып







Бөлім: Әлемдегі ірі кітапханалар


Тақырып: Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:

Университеттік кітапханалар	Барлық оқушылар орындай алады: мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: негізгі ойды білдіретін сөйлемді іріктейді Кейбір оқушыларорындай алады: негізгі ойды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады Барлық оқушылар орындай алады: мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: негізгі ойды білдіретін сөйлемді іріктейді Кейбір оқушыларорындай алады: негізгі ойды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none">• мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды;• мәтіндегі негізгі ойды ажыратады;• мәтін негізінде жинақы мәтін жазады.
Тілдік мақсаттар	Рухани орталық,ғылыми кітапхана,әмбеп,оқырмандар,көркем әдебиет, қолжазбалар,мәдени орталық, Талқылынатын сұрақтар: 1.Ақтөбе қаласында қандай кітапханалар бар? 2.Кітапханаға бару үшін адамның жас мөшері ескеріле ме? 3. «Университет пен кітапхана» ұғымдары бір-бірімен қаншалықты байланысты деп ойлайсың? 4. «Оқырман билеті» дегенді білесің бе, оның атқаратын қызметі қандай? 5.Кітапхананың адам рөліндегі маңызы қандай деп ойлайсың?
Құндылықтарға баул	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығы " Бір мақсат, бір мүдде, бір келешек" біртұтастығы Тарихтың,мәдениет пен тілдің біртұтастығы Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдылары жетіле отырып, кітап оқуға деген ынтасы мен сүйіспеншілігі артады
Пәнаралық байланыс	Тарих Көне кітапханалар тарихы арқылы байланысады.
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Қазақстандағы кітапханалар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың жоспарланған (Сабақтың басы 10 минут)</p>	<p>М.Т. Үй тапсырмасы «Бес табан» әдісі арқылы тексеріледі. «Қазақстандағы кітапханалар» тақырыбына шолу жасайды.</p> <p>  </p> <p> </p> <p>Оқушылар пазл арқылы төрт топқа бөлінеді. С. Жазылым алды тапсырмасы М.Т. «Қалам үстел үстінде» әдісі арқылы алдыңғы білімге ой шақырылады. Суреттер астында жасырылған сұрақтар арқылы мәтінге кіріспе жүргізіледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақтөбе қаласында қандай кітапханалар бар? 2. Кітапханаға бару үшін адамның жас мөшері ескеріле ме? 3. «Университет пен кітапхана» ұғымдары бір-бірімен қаншалықты байланысты деп ойлайсың? 4. «Оқырман билеті» дегенді білесің бе, оның атқаратын қызметі қандай? 5. Кітапхананың адам рөліндегі маңызы қандай деп ойлайсың? <p>Кері байланыс: Оқушылардың жауаптарына мұғалім ауызша кері байланыс жүргізеді. Сабақ тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлері оқушылармен бірге анықталады.</p>	<p>М.Т.-мұғалім түсіндірмесі Бағалау: Үш шапалақ С.-сыныптық тапсырма</p> <p></p>
---	--	--

<p>Сабақтың кезеңдері (Сабақтың ортасы 25 минут)</p>	<p>С. Жазылым кезі тапсырмасы М.Т. 1-тапсырма. Ұсынылған мәтінді оқи отырып, негізгі ойды анықтайды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы 1934 жылы университеташылысымен жұмыс істей бастады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы- студенттер мен магистранттар, оқытушы- профессорлар құрамы мен қосымша оқытушы персоналдарға арналған мәдени және рухани орталық. Ғылыми кітапхана қорында оқулықтар, монографиялар, классикалық көркем әдебиеттер, сирек кітаптар мен XVI- XIX ғасырлардағы қолжазбалар, 250 мың данадан астам мерзімді басылымдар жинақталған. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы- бүгінгі таңда Қазақстандағы ең көне әрі Қазақстан Республикасы бойынша ең ірі жоғары оқу орындары кітапханаларының бірі. Кітап қорында 2 млн-нан астам басылым сақталған. Жыл сайын 50-60 мың данадан астам басылымдар мен толықтырылады. Оқырмандар саны 20 мыңнан асады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының арасындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы- Қазақстандағы ең үздік кітапханалардың бірі. Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұзақ даму жолынан өтті. Облыстағы ең көне кітапхананың өмірнамасы 1892 жылдан басталады, кітапхана 1-ші гильдиялық көпес Артем Иванович Дерев пен басқа да жергілікті меценаттардың қаржысына салынды. 89 жылдан бастап кітапхана уездік деп аталды. Осы жылды кітапхананың құрылған уақыты деп санауға негіздеме болды. Облыстағы ең ірі кітапхана ғылыми, оқулық, өлкетану, көркем әдебиет үлгілерін ұсынады. Жыл бойы кітапханаға 32 мың оқырман келеді және 900 мыңға жуық кітап пен журнал беріледі. Бүгінде кітапхана құрамында әртүрлі кітапханалық бағытта жұмыс істейтін ақпараттық-библиографиялық, мәдени-ағартушылық қызмет көрсететін 14 бөлім бар. Т.Ж. 2-тапсырма «Сөз сандық» әдісі Оқылым мәтінінен негізгі ойды білдіретін тірек сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, «Сөз сандыққа» жинақтайды. Барлық топ салып біткен соң, тірек сөздер мен сөз тіркестері суырылып, мағынасы ашылады, тақырыпқа сәйкес жинақы мәтін жазуда қолданылады. Т.Ж. 3-тапсырма. Берілген тірек сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, 1-топ диалог, 2-топ тезис, 3-топ кесте, 4-топ аннотация түрінде жинақы мәтін жазады. 1-топ Мәтін бойынша диалог құрайды. 2- топ Ақпарат желісін сақтап, тезис жазады. 3-топ Берілген мәтінді ықшамдап кестеге түсіреді. 4-топ Мәтінге аннотация жазады Жазылымнан кейінгі тапсырма «Автор орындығы» әдісі арқылы топтан 1-оқушы ортаға шығып жазған мәтіндерін оқиды. Кері байланыс «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топ бірін-бірі бағалайды. Дескриптор: Мәтінді оқу арқылы негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды; Мәтінді оқи отырып, негізгі ойды ажыратады; Мәтін негізінде жинақы мәтін жазады.</p>	<p>Image not found or type unknown</p> 
<p>Сабақтың соңы (5-минут)</p>	<p>Рефлексия «Ай» әдісі «Ай» әдісі арқылы әр оқушы өзін-өзі бағалайды. Сабақты толық түсінген оқушы айдың толық суретін салады. Сабақты жартылай түсінген оқушы жарты айдың суретін салады. Сабақта менің түсінбегенім басымдау болды деген оқушы жаңа айдың суретін салады.</p>	<p>Толық ай – сабақты толық түсіндім; Жарты ай - мен жартылай түсіндім; - Туған ай – менің түсінбегенім басымдау болды.</p>